

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КЕАҚ
Құзыреттер және үздіксіз білім орталығы

Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін
«Қосымша білім беру педагогі кәсіби қызметінің дизайны және жобалау»
біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы

Павлодар қ.

2026

1 бөлім. Жалпы ережелер

«Қосымша білім беру педагогі кәсіби қызметінің дизайны және жобалау» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) көлемі 80 сағатты құрайды және балаларға қосымша білім беру педагогтеріне арналған.

Қазіргі заманғы қосымша білім беру жүйесі инновациялық білім беру технологияларын енгізуге, жобалық және зерттеушілік қызметті дамытуға, STEM/STEAM тәсілдерін, цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға және дамытушы білім беру ортасын құруға бағытталған. Осыған байланысты қосымша білім беру педагогтерінің кәсіби қызметіне, олардың білім беру процесін жобалау, заманауи қосымша білім беру бағдарламаларын әзірлеу және білім алушылардың білім беру нәтижелеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету қабілеттеріне қойылатын талаптар артып отыр.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасын, қосымша білім беруді дамытудың заманауи үрдістерін, педагогтердің кәсіби қызметіне қойылатын нормативтік талаптарды талдау, сондай-ақ қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби дамуға деген қажеттіліктерін зерттеу нәтижелері негізінде әзірленді.

Бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізін Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы құрайды, онда білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтары мен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету қажеттілігі айқындалған; Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ «Педагог мәртебесі туралы» Заңы педагогтің құқықтарын, міндеттерін және кәсіби жауапкершілігін бекітеді; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» бұйрығы педагогтердің кәсіби өсуінің шарты ретінде кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруді көздейді; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы №31 «Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіби стандарттарды бекіту туралы» бұйрығы педагогтердің кәсіби қызметіне және олардың біліктілік деңгейіне қойылатын талаптарды айқындайды.

Бағдарламаны әзірлеу барысында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптары да ескерілді. Аталған стандарттар білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, зерттеушілік, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған. Бағдарлама мазмұны Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының, Қазақстан Республикасының 2025–2030 жылдарға арналған инклюзивті саясат тұжырымдамасының, сондай-ақ білім алушылардың азаматтық жауапкершілігін,

адалдық мәдениетін, әлеуметтік белсенділігін және жан-жақты дамуын қалыптастыруға бағытталған «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасының ережелерін ескере отырып әзірленді.

Қазақстан Республикасында жаңартылған орта білім беру мазмұнын енгізу 2016–2020 жылдар аралығында кезең-кезеңімен жүзеге асырылды. Жүргізілген реформалар аясында 400 мыңнан астам мұғалімді қамтыған жалпы білім беретін мектеп педагогтерінің біліктілігін арттыру бойынша ауқымды курстар ұйымдастырылды. Жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу оқытудың заманауи тәсілдерін, критериалды бағалауды, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуды және педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруді қамтамасыз етті.

Сонымен қатар педагог кадрларды даярлау бойынша негізгі іс-шаралар көбінесе орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне бағытталды. Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері біліктілікті арттыру бағдарламаларымен айтарлықтай аз деңгейде қамтылды. Бұл олардың білім беру процесін жобалау, заманауи педагогикалық технологияларды қолдану және дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру салаларындағы кәсіби құзыреттіліктерін одан әрі жетілдіру қажеттілігін туындатты.

Қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің қажеттіліктеріне 2020–2025 жылдар аралығында сауалнама жүргізу, педагогтердің білім беру сұраныстарын зерделеу, кәсіби қиындықтарын талдау, сондай-ақ қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері мен басшыларымен талқылаулар өткізу арқылы талдау жасалды. Зерттеу нәтижелері педагогтердің едәуір бөлігінің білім беру бағдарламаларын және білім алушылардың жеке білім беру маршруттарын жобалау, заманауи педагогикалық технологияларды қолдану, STEM/STEAM тәсілдерін енгізу, білім алушылардың soft skills дағдыларын дамыту, жобалық және зерттеушілік қызметті ұйымдастыру, цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану, инклюзивті тәсілді және қосымша білім берудің тәрбиелік әлеуетін іске асыру бағыттарында кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруге мұқтаж екенін көрсетті.

Анықталған кәсіби дефициттер мен қосымша білім беру педагогтерінің білім беру сұраныстары «Қосымша білім беру педагогі кәсіби қызметінің дизайны және жобалау» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасын әзірлеу қажеттілігін айқындады. Бағдарлама педагогтердің білім беру бағдарламаларын жобалау, заманауи педагогикалық және цифрлық технологияларды пайдалану, білім алушылардың жобалық және зерттеушілік қызметін ұйымдастыру, инклюзивті және дамытушы білім беру ортасын құру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының балаларға қосымша білім беру саласындағы мемлекеттік білім беру саясатының міндеттерін іске асыру бағытындағы кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруге бағытталған.

2 бөлім. Глоссарий

Бейресми білім - ресми білімге қосымша және/немесе балама болып табылады, әлеуметтік және мәдени дамуға бағытталған өмірлік және еңбек дағдыларын дамыту бағдарламаларын қамтиды.

Қызмет дизайны – тиімді үдерістерді, жүйелер мен өнімдерді құруға бағытталған қызметті жобалау мен ұйымдастырудың пәнаралық тәсілі.

Білім беру ортасының дизайны – білім алушылардың тиімді оқуы, дамуы және тәрбиеленуі үшін қажетті жағдайларды, кеңістікті және өзара әрекеттестікті мақсатты түрде жобалау.

Кәсіби қызмет дизайны – қосымша білім беру педагогінің заманауи білім беру нәтижелеріне қол жеткізуін және кәсіби дамуын қамтамасыз ететін білім беру мазмұнын, нысандарын, әдістерін, технологияларын және білім беру ортасын мақсатты түрде жобалау.

Білім беру қызметі – білім беру субъектілерінің мақсатты, педагогикалық негізделген, дәйекті өзара әрекеттесу процесі, оның барысында жеке тұлғаны оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешіледі.

Білім беру ортасы - жеке тұлғаның оқу қызметі жүзеге асырылатын әлеуметтік, мәдени және басқа жағдайлардың жиынтығы.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (балалар) – тиісті деңгейдегі білім алу және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларда тұрақты немесе уақытша қажеттіліктерді сезінетін адамдар (балалар).

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерді ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.

Коммуникативтік дағдылар - бұл адамның басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау, ақпарат беру және алу, эмоцияларды түсіну және түсіндіру, байланыс орнату және қарым-қатынасты сақтау қабілеттері.

Қосымша білім беру – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу және оқыту процесі.

Креативтілік – тұлғаның салыстырмалы түрде тұрақты сипаттамасын құрайтын шығармашылық дарындылық, шығармашылық қабілет деңгейі; мәселелерді шешудің жаңа идеялары мен тәсілдерін қалыптастыру қабілеті.

Қызмет дизайны – бұл тиімді процестерді, жүйелерді және өнімдерді құруға бағытталған қызметті жобалау мен ұйымдастырудың пәнаралық тәсілі.

Мақсат қою Smart - бұлыңғыр тұжырымдарды қоспағанда, оларды анық, түсінікті және қол жетімді етуге көмектесетін мақсат қою әдісі. SMART аббревиатурасына Specific (нақты), Measurable (өлшенетін), Achievable (қол жетімді), Relevant (өзекті) және Time-bound (уақыт шектеулі) кіреді.

Педагогикалық дизайн – тиімді және тартымды оқытуды қамтамасыз ететін білім беру материалдарын, курстарды және оқу ортасын құру процесі.

Сыни тұрғыдан ойлау - логика тұрғысынан ақпаратты талдай білу,

негізделген пайымдаулар, шешімдер шығара білу және алынған нәтижелерді стандартты және стандартты емес жағдайларға, сұрақтар мен мәселелерге қолдана білу.

Эмоционалды интеллект (EQ) - бұл адамның өз эмоцияларын тану, түсіну және басқару, сондай-ақ басқа адамдардың эмоцияларын тану және оларға әсер ету қабілеті.

Hard skills (қатаң дағдылар) – бұл оқыту мен тәжірибе арқылы алынған кәсіби білім, іскерлік пен дағдылар.

STEAM (Science, Technology, Engineering, Art, Mathematics) – жаратылыстану ғылымдарын, технологияларды, инженерияны, өнер мен математиканы біртұтас жүйеге біріктіретін заманауи білім беру тәсілі.

Soft skills (ағыл. «жұмсақ/икемді дағдылар») – бұл адамға басқалармен тиімді қарым-қатынас жасауға, өмірлік міндеттерді шешуге, өзгерістерге бейімделуге және командада сәтті жұмыс істеуге көмектесетін жеке қасиеттер.

3 бөлім. Бағдарлама тақырыбы

Бағдарлама 4 модульден тұрады. Бірінші модуль қосымша білім беру мұғалімі қызметінің құқықтық және этикалық аспектілерін көрсетеді. Екінші модуль білім беру ортасының дизайн ерекшеліктерін ашады. Үшінші модуль *soft skills* (икемді дағдылар) даму процесіне арналған. Төртінші модуль мұғалімнің жобалау қызметін жетілдіруге ықпал етеді.

Бағдарламаның жаңашылдық дәрежесі курстың тақырыбы көптеген мәселелерді қамтитындығына және білім беру процесін жобалауға, ұйымдастыруға және оңтайландыруға байланысты кәсіби құзыреттіліктерді дамытуға бағытталғандығына байланысты. Курстың мазмұны кәсіби дағдыларды (*hard skills*) дамытуға бағытталған, қазіргі білім беру кеңістігінде табысты жұмыс істеу үшін қажетті икемді дағдыларды (*soft skills*) қалыптастыруға ықпал етеді.

Бағдарламаның жекелеген тақырыптық бағыттары педагогтердің біліктілігін арттыру тәжірибесінде кездеседі, алайда осы бағдарламаның жаңашылдығы олардың педагогикалық дизайн, дизайн-ойлау, *soft skills* дағдылары және STEM/STEAM тәсілдері негізінде кешенді түрде кіріктірілуінде болып табылады.

4 бөлім. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты: қосымша білім беру педагогтерінің білім беру қызметін, білім беру ортасын және білім алушылардың пәндік, шығармашылық, зерттеушілік және икемді дағдыларын дамытуға бағытталған оқу сабақтарын жобалау саласындағы кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру.

Бағдарламаның міндеттері:

- педагогикалық дизайн алгоритмін меңгеру және оны сабақтарды немесе білім беру бағдарламаларын әзірлеуде қолдану;
- білім алушылардың soft skills (ікемді дағдыларын) дамытуға бағытталған тапсырмаларды жобалау;
- қауіпсіз, инклюзивті және шығармашылық білім беру ортасының моделін әзірлеу;
- мақсаттары, күтілетін нәтижелері, мазмұны және бағалау жүйесі қамтылған білім беру бағдарламасының фрагментін әзірлеу.

Күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде тыңдаушы *біледі*:

- қосымша білім беру педагогінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық негіздерді;
- педагогикалық дизайн қағидаттарын;
- қауіпсіз, инклюзивті және дамытушы білім беру ортасын құру тәсілдерін;
- білім алушылардың soft skills дағдыларын дамыту жолдарын;
- сабақтар мен білім беру бағдарламаларын жобалаудың негіздерін.

Тыңдаушы *меңгереді*:

- SMART технологиясы негізінде сабақтың мақсаттары мен күтілетін нәтижелерін тұжырымдауды;
- білім алушылардың жас ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып сабақтарды жобалауды;
- сыни ойлауды, коммуникацияны, ынтымақтастықты, креативтілікті және эмоционалдық интеллектіні дамытуға арналған әдістерді таңдауды;
- білім беру материалдарын әзірлеуде цифрлық құралдарды, оның ішінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалануды;
- бағалау критерийлері мен рефлексия сұрақтарын әзірлеуді.

Бағдарлама аяқталғаннан кейін тыңдаушылар төмендегі *жасай алады*:

- құқықтық және этикалық талаптардың чек-парағын;
- білім беру ортасының картасын;
- білім алушылардың soft skills дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар кешенін;
- сабақ жобасын немесе білім беру бағдарламасының фрагментін.

Бағдарлама тәжірибеге бағытталған, педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруге және балаларға қосымша білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді.

5 бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарламаның құрылымына мыналар кіреді:

- 1) жалпы ережелер;
- 2) глоссарий;
- 3) Бағдарлама тақырыбы;
- 4) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері;

- 5) Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны;
- 6) оқу процесін ұйымдастыру;
- 7) Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету;
- 8) оқу нәтижелерін бағалау;
- 9) курстан кейінгі қолдау;
- 10) негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.

Бағдарламаның жоспары теориялық, практикалық сабақтарға және тыңдаушылардың өзіндік жұмысына арналған сағат санын көрсете отырып, ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрады.

Кесте 1 – Оқу жоспары

№	Модуль/ Тақырып	Сағаттар саны			
		Теория	Практика	СӨЖ	Барлығы
1	Қызметтің құқықтық және этикалық аспектілері	2	4	6	12
1.1	Балаларға қосымша білім берудің нормативтік-құқықтық базасы	1	2	3	6
1.2	Қызмет дизайны ұғымы және оны білім беруде қолдану. Балалармен және олардың ата-аналарымен жұмыс істеудің этикалық принциптері	1	2	3	6
2	Білім беру ортасының дизайны	3	6	9	18
2.1	Балалардың эмоционалды және психологиялық қолдауы. Шығармашылық ортасын құру	1	2	3	6
2.2	Инклюзивті білім беру ортасы, оқытуды даралау, дарынды балалармен және ЕБҚ бар балалармен жұмыс	1	2	3	6
2.3	Сандық құралдар (онлайн-платформалар, ЖИ, қосымшалар, интерактивті тақталар). Цифрлық тапсырманы, интерактивті тестті және жасанды интеллектке арналған промптты әзірлеу бойынша практикалық жұмыс.	1	4	1	6
3	Soft skills дамыту (ікемді дағдылар)	4	8	12	24
3.1	Сыни тұрғыдан ойлау және проблемаларды шешу	1	2	3	6
3.2	Эмоционалды интеллект	1	2	3	6

3.3	Эффективті коммуникация, коллаборация	1	2	3	6
3.4	Креативті ойлау және стандартты емес мәселелерді шешу	1	2	3	6
4	Жобалау қызметі	4	8	12	24
4.1	Білім беру процесіне мақсат қою SMART және жобалау	1	2	3	6
4.2	STEAM / STEAM тәсілдері негізінде білім беру процесін жобалау	1	2	3	6
4.3	Soft skills дамыту бойынша сабақтарды жобалау	2	4	3	9
4.4	Білім беру процесін бағалау және рефлексия	-	2	3	6
	Қорытынды жобаны қорғау				2
	Барлығы				80

1-модуль. Қызметтің құқықтық және этикалық аспектілері

Мазмұны: нормативтік құжаттар, педагогтің құқықтары мен міндеттері, академиялық адалдық, балалармен және ата-аналармен өзара әрекеттесу этикасы, білім алушылардың құқықтарын қорғау.

Практикалық жұмыс: құқықтық және этикалық талаптардың чек-парағын әзірлеу.

2-модуль. Білім беру ортасының дизайны

Мазмұны: психологиялық қауіпсіздік, шығармашылық атмосфера, инклюзия, дараландыру, дарынды балалармен және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс, цифрлық орта.

Практикалық жұмыс: білім беру ортасының картасын әзірлеу.

3-модуль. Soft skills дағдыларын дамыту

Мазмұны: сыни ойлау, коммуникация, ынтымақтастық, эмоционалдық интеллект, креативтілік, мәселелерді шешу.

Практикалық жұмыс: білім алушылардың soft skills дағдыларын дамытуға арналған тапсырма немесе шағын кейс әзірлеу.

4-модуль. Жобалау қызметі

Мазмұны: SMART мақсаттары, STEM/STEAM тәсілдері, сабақты жобалау, бағалау критерийлері, рефлексия.

Практикалық жұмыс: сабақ жобасын немесе білім беру бағдарламасының фрагментін әзірлеу.

Күтілетін нәтижелер бағдарламаның мақсаты мен міндеттерімен өзара байланысты және қосымша білім беру педагогтерінің білім беру қызметін жобалау, ұйымдастыру және іске асырудың заманауи тәсілдерін меңгеруі арқылы олардың кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруге бағытталған.

6 бөлім. Оқу процесін ұйымдастыру

Курстың ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

Оқыту форматы: күндізгі/онлайн/аралас (күндізгі және онлайн-сабақтарды үйлестіру).

Оқыту формасы: теориялық және практикалық сабақтар, тыңдаушының өзіндік жұмысы.

Оқу қызметін ұйымдастыру формалары: фронтальды, топтық, жеке.

Оқытудың интерактивті формалары: пікірталастар, кейс стади, іскерлік ойындар, онлайн-тесттер, жобалау қызметі арқылы білім беру процесіне қатысушылар арасындағы белсенді өзара іс-қимыл.

Курс тыңдаушыларының санаты: балаларға қосымша білім беру педагогтері.

Оқу процесін ұйымдастыру шарттары:

- белгіленген оқу жоспарына, сабақ кестесіне сәйкес оқу;
- академиялық адалдық принциптерін сақтау;
- тапсырмаларды уактылы орындау.

7 бөлім. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету оқу процесін ұйымдастыруға арналған материалдар мен ресурстар кешенін қамтиды.

Бағдарламаны іске асыруға арналған дидактикалық материалдарға мыналар жатады:

- теориялық материал: оқу және оқу-әдістемелік құралдар, дәрістер конспектілері, презентациялар, бейнематериалдар;
- оқу материалын игеру бойынша тапсырмалар: практикалық және өзіндік жұмыстарды орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар, тапсырмаларды орындау үлгілері, табысты тәжірибелердің мысалдары, кейстер, ұсынылатын негізгі және қосымша әдебиеттердің тізімдері, интернет-ресурстар;
- бағалау құралдары: тесттер, бақылау сұрақтары, тапсырмаларды бағалау критерийлері.

Теориялық және практикалық сабақтардың материалдары университеттің ресми сайтында орналастырылады.

8 бөлім. Оқу нәтижелерін бағалау

Бағдарламаның оқу нәтижелерін бағалау тыңдаушылардың бағдарламада көзделген білімдерді, біліктерді, дағдыларды және құзыреттіліктерді меңгеру деңгейін анықтауға бағытталған.

Қалыптастырушы (ағымдағы) бақылау практикалық сабақтар барысында, тыңдаушылардың өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындау кезінде, сондай-ақ тест тапсырмаларын орындау арқылы жүзеге асырылады.

Қорытынды бағалау аралас түрде өткізіледі.

Компонент	Баллы
Қорытынды тест	30
Модульдер бойынша практикалық тапсырмалар	30
Сабақтың немесе білім беру бағдарламасының қорытынды жобасы	30
Презентация және рефлексия	10
Барлығы	100

Қорытынды жобаны бағалау критерийлері:

- мақсат пен күтілетін нәтижелер нақты және түсінікті тұжырымдалған;
- мазмұны балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келеді;
- оқытудың заманауи әдістері қолданылған;
- білім алушылардың soft skills (ікемді дағдыларын) дамыту қарастырылған;
- инклюзивтілік пен психологиялық қауіпсіздік талаптары ескерілген;
- тапсырмалар, бағалау критерийлері және рефлексия қарастырылған;
- жобаны қосымша білім беру тәжірибесінде қолдануға болады.

Бағдарламаға сәйкес қорытынды бағалаудан сәтті өткен тыңдаушыларға біліктілікті арттыру курсының тақырыбы мен сағат көлемі көрсетілген сертификат беріледі.

9 бөлім. Курстан кейінгі қолдау

Педагог қызметін курстан кейінгі қолдау алған білімдерін бекіту, оларды практикалық қызметте қолдану және кәсіби дамуын жалғастыру үшін біліктілікті арттыру курсын аяқтағаннан кейін тыңдаушыны қолдауға бағытталған.

Курстан кейінгі қолдаудың мазмұны біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасының мақсаттарымен, міндеттерімен және күтілетін нәтижелерімен айқындалады.

Курстан кейінгі қолдаудың формалары:

- педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауды дайындауда консультациялық қолдау, нақты кәсіби міндеттерді шешуге көмек көрсету;
- әдістемелік қолдау, әдістемелік материалдар мен әдістемелік әзірлемелерге ұсыныстар, шолулар мен пікірлер беру, ашық сабақтарды дайындауға көмектесу;
- кәсіби өзара іс-қимыл, практикалық семинарлар мен мастер-кластар арқылы әріптестермен тәжірибе алмасу, конференцияларға, вебинарларға, дөңгелек үстелдерге және басқа да білім беру іс-шараларына қатысу.

1 жылға арналған курстан кейінгі қолдау жоспары

Мерзімі	Қолдау көрсету нысаны	Нәтиже
Курстан кейін 1 ай	Онлайн-консультация	Сабақ жобасын жетілдіру және түзету
3 ай	Әдістемелік вебинар	Іске асырудың алғашқы нәтижелерімен тәжірибе алмасу
6 ай	Ашық сабақты немесе әдістемелік әзірлемені талда	Жетілдіру бойынша ұсынымдар беру
9 ай	Дөңгелек үстел / кәсіби қауымдастық	Тәжірибе алмасу
12 ай	Тиімділік мониторингі	Алынған құзыреттерді қолдану нәтижелері туралы есеп

10 бөлім. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер тізімі :

1. Дрозд К.В. Проектирование образовательной среды: учебник для вузов. - М: Издательство Юрайт, 2025. – 421 с.
2. Жомартова А.Д., Бурдина Е.И., Аубакирова С.Д. Оқыту үшін әмбебап дизайн немесе инклюзивті білім беру жағдайында оқыту әдістемесі: оқу құралы. – Павлодар: Toraighyrov university, 2020.- 159 б.
3. Мынбаева А. К. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: учебное пособие / А.К. Мынбаева, З.М. Садвакасова. - 11-е издание. - Алматы: Techsmith, 2020. - 356 с.
4. Отарбаева Л.Л., Әділханова М.Т. Soft skills педагогикалық қызметте. Әдістемелік құрал. - Ақтөбе, 2021. – 109 б.
5. Раянова Ю. Ю. Проектная деятельность педагога: учебное пособие. - Омск: СибГУФК, 2022. - 164 с.
6. Формирование и поддержание психологической безопасности образовательной среды: учебно-методическое пособие / под ред. О. А. Ульяниной. – М.: МГППУ, 2022. – 180 с.

Қосымша әдебиеттер тізімі:

7. Гибкие навыки (soft skills) — компетенции будущего: метод. пособие, сост. М. П. Лопушенко ; редкол.: Т. Ю. Якуба и др. — Хабаровск: ДВГНБ, 2023. - 36 с.
8. Жиркова З. С. Основы проектной деятельности. Методы проектной деятельности: учебное пособие для бакалавров высш. учеб. заведений. – СПб.: Наукоемкие технологии, 2023. – 156 с.

9. Ксензова Г.Ю. Инновационные процессы в образовании. Реформа системы общего образования: учебное пособие для вузов. - М.: Юрайт, 2023. - 349 с.

10. Педагогика дополнительного образования. Психолого-педагогическое сопровождение детей: учебник для вузов/ ответственный редактор Л. В. Байбородова. - 2-е изд., испр. и доп. – М.: Юрайт, 2025. – 363 с.

11. Шмырева Н.А. Педагогическое проектирование: учебно-методическое пособие / Н.А. Шмырева; Кемеровский государственный университет. – Кемерово, 2021. – 121 с.

12. Цифровая педагогика: учебник / К.Д. Бузаубакова. - Электрон. текстовые дан. - Тараз: Бейсенбекова А.Ж., 2023. - 320 с.

13. Цифровая педагогика: учебное пособие / А.В. Голубинская, В.А. Демарева. – Нижний Новгород: Нижегородский госуниверситет, 2021. – 64 с.